



ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ АЙМАҚТЫҚ ФРОНТ-ОФИСТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ ЖАДЫНАМА

2021





Елде волонтерлікті дамытуда бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру, волонтерлік қызметке әртүрлі нысаналы санаттар мен жас топтарынан азаматтарды кеңінен тарту үшін барлық облыстарда, Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында волонтерлердің аймақтық фронт-офистері құрылды.

Аймақтық фронт-офистер (АФО) волонтерлік қозғалыс пен мемлекет арасындағы диалогта негізгі рөл атқарады. Аймақтық фронт-офистердің миссиясы – волонтерлік бастамаларды қолдау және өңірлерде волонтерлікті дамытуға жәрдемдесу.

Бұл нұсқаулық АФО қызметі бойынша қосалқы материал ретінде әзірленді.

1

ВОЛОНТЕРЛІК ТУРАЛЫ

ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ – ерікті түрдегі әлеуметтік бағытталған, емін-еркін ерік білдіруі бойынша орындалатын, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүдделері үшін ақысыз негізде жүзеге асырылатын қоғамдық пайдалы қызмет.

ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ:

- **ЕРІКТІЛІК.** Бұл принцип волонтердің еріктілігін білдіреді. Бұл волонтердің жалдамалы қызметкер емес екенін және волонтерді волонтерлік қызметті орындауға мәжбүрлеуге болмайтынын білдіреді. Бұл оның еркін таңдауы! Ол қызметкер емес – ол көмекші!
- **АҚЫСЫЗ.** Бұл қағида волонтер өз қызметін жүзеге асыра отырып, ол үшін төлем алып, оны талап етпейтінін көрсетеді. Волонтерлер мен волонтерлік ұйымдар өз қызметін іске асыру үшін қаражат пен ресурстарға мұқтаж, бірақ бұл олардың еңбегіне ақы төлеу емес – бұл қызметті жүзеге асыруға ғана арналған қаражат болып табылады. Волонтерлер қоғамға тегін көмектеседі!
- **ҚОҒАМ ИГІЛІГІ ҮШІН.** Бұл принцип тек әлеуметтік маңызы бар қызметті, яғни қоғамның немесе оның жеке топтарының мүддесі үшін қызметті ғана волонтерлік деп атауға болатындығын көрсетеді. Волонтерлер өз мүдделері үшін немесе нақты адамдардың мүдделері үшін әрекет етпейді – олар қоғамның игілігі үшін әрекет етеді!



ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ АЙРЫҚША БЕЛГІЛЕРІ:

- **ҚЫЗМЕТ.** Тек нақты істер, әрекеттер ғана волонтерлік болып табылады. Егер адам немесе адамдар тобы өз еркімен және ақысыз қоғам үшін пайда туралы сөз қозғайтын болса - бұл волонтерлік емес. Нақты істер маңызды!
- **САНАЛЫЛЫҚ.** Бұл қағида өз еркімен, ақысыз түрде басқа адамға, адамдар тобына көмектесісі келетін, қоғамдағы жағдайды жақсартқысы келетін әрбір адам қандай жұмысқа қабылданатынын, не істегісі келетінін және оның күш-жігерінің мақсаты не екенін түсінуі керек дегенді білдіреді. Барлық мүмкіндіктерді, тәуекелдерді түсіну және өз әрекеттеріңіз үшін жауапкершілікті қабылдау!
- **«ЗИЯН ТИГІЗБЕУ!» ПРИНЦИПІ.** Әрбір волонтер өз әрекеттерінің қысқа және ұзақ мерзімді салдарын есептеуі тиіс. Сіз көмектескіңіз келетін санаттың ғана емес, басқалардың да мүдделерін ескеру маңызды. Сіздің әрекеттеріңізден ешкім зардап шекпей, жағдайдың одан бетер нашарламауы маңызды!

Волонтерлік қызметті жеке де, топ құрамында да жүзеге асыруға болады – кез келген адам тәуелсіз волонтер бола алады.

ВОЛОНТЕРЛІК КОМАНДАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ:

1. ВОЛОНТЕРЛІК ҮЕҰ (үкіметтік емес ұйым) НЕМЕСЕ КЕҰ (коммерциялық емес ұйым).

Бұл өз қызметі нәтижесінде табыс табуды мақсат етпейтін және алынған таза табысты қатысушылар арасында бөлмейтін тіркелген волонтерлік ұйымы. Мұндай ұйымдардың ресми ұйымдық құрылымы, жарғысы, ережесі және өз қызметінің ерекшелігіне қарай басқа да құжаттамасы болады.

Қазақстандағы ҮЕҰ түрлері әр түрлі болуы мүмкін (ҚР Заңына сәйкес), мысалы: заңды тұлғалар бірлестігі, қоғамдық қорлар және де қоғамдық бірлестіктер.

2. ВОЛОНТЕРЛІК БАСТАМАШЫЛ ТОПТАР.

Бір мақсатқа, құндылықтар мен ынталандыру жүйесіне бағынатын адамдардың ерікті түрдегі бейресми бірлестіктер. Олардың заңды тіркеуі мен нақты ұйымдастырушылық құрылымы жоқ, бірақ, әдетте, көшбасшысы – идеялық шабыттандырушысы болады. низационной структуры, однако, как правило, имеют лидера – идейного вдохновителя.

ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ БАҒЫТТАРЫ:



1. **BIRGEMIZ: AYALA**, жануарларға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру жөніндегі қызмет (жануарларға қатысты волонтерлік – жануарларды қорғауға және оларға көмек көрсетуге бағытталған ерікті қызмет).



2. **BIRGEMIZ: ASYL MURA**, тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау жөніндегі қызмет, волонтерлердің халықтар арасындағы бейбітшілікті, достық пен келісімді нығайтуға, әлеуметтік, ұлтаралық, конфессияаралық, этносаралық, діни жанжалдардың алдын алуға қатысуы, этно-туризм, волонтерлердің археологиялық экспедицияларға қатысуы, волонтерлердің тарихи архивтермен жұмысқа қатысуы.



3. **BIRGEMIZ: BILIM**, халықтың әртүрлі топтарын цифрлық, қаржылық, тілдік, компьютерлік сауаттылыққа оқытуда волонтерлік көмек көрсету жөніндегі қызмет.



4. **BIRGEMIZ: QAMQOR**, волонтерлерді қарттар үйлеріне, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына тарту бойынша қызмет.



5. BIRGEMIZ: SAҒLYQ, денсаулық сақтау саласына волонтерлерді тарту, науқастар күтіміне көмек көрсету үшін, оның ішінде хоспистерде, онкологиялық диспансерлерде және т.б. медициналық көмектің сапасын оның барлық кезеңдерінде арттыруға арналған профилактикалық, емдеу, оңалту, донорлық қызмет.



6. BIRGEMIZ: SABAQTASTYQ, волонтерлердің балалар үйінің тәрбиеленушілеріне, халықты әлеуметтік қорғау жүйесіндегі әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар мен жастарға қатысты тәлімгерлік практикасын енгізу жөніндегі қызмет.



7. BIRGEMIZ: TAZA ÁLEM, қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазарту, ағаш отырғызу, қоқыстарды сұрыптауға үйрету бойынша қызмет (эко-волонтерлік – қоршаған ортаны сақтауға, экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған ерікті қызмет).



8. BIRGEMIZ: ÚMIT (ТЖ-ВОЛОНТЕРЛІК), жоғалған адамдарды іздеу, апаттар қаупін азайту және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жоюға қатысты жобаларға волонтерлерді тарту, халық арасында қауіпсіздік мәдениетін насихаттау жөніндегі қызмет, сондай-ақ, Ұлы Отан соғысындағы біздің отандастарымыздың ерліктері туралы баяндайтын құжаттарды іздестіру жөніндегі жобалар.



9. МЕДИА-ВОЛОНТЕРЛІК, «Жақсылық жаршысы» жобасы мен әлеуметтік жобаларды ақпараттық жариялау, волонтерлер қозғалысын насихаттау бойынша басқа да ерікті қызмет.



10. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІК, мәдени мұраны сақтауға және насихаттауға, мәдени кеңістіктердің ашықтығы мен қолжетімділігі атмосферасын құруға, мәдени бірегейлікті қалыптастыруға, жастар арасында мәдени саланы насихаттап, тарихи жадыны сақтауға бағытталған қызмет.



11. СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ СӨС ВОЛОНТЕРЛІК, ӘРТҮРЛІ СПОРТ ТҮР-ЛЕРІНЕ, белсенді өмір салтына, дұрыс тамақтануға, ментальді денсаулыққа және т. б. қолжетімділікті қамтамасыз ету және насихаттау жөніндегі қызмет.



12. БАСҚА ӘЛЕУМЕТТІК ВОЛОНТЕРЛІК, азаматтардың белгілі бір санаттарына: мемлекеттің ерекше назарын қажет ететін балаларға, қарт адамдарға, ардагерлерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға және т. б. көмектесуге бағытталған ерікті қызмет.

ВОЛОНТЕРЛЕР ҚҰРАМЫ:

1. PROBONO ВОЛОНТЕРЛІК (КӘСІПҚОЙЛАР)

қайырымдылық, қоғамдық және өзге де коммерциялық емес ұйымдарға ақысыз негізде кәсіби көмек көрсету бойынша қызмет.

2. БАЛАЛАР ВОЛОНТЕР-ЛІГІ (кәмелетке толмаған волонтерлер)

18 жасқа дейінгі балалардың волонтерлік қызметке ерікті қатысуы.

3. ИНКЛЮЗИВТІ ВОЛОНТЕРЛІК (ерекше қажеттіліктері бар волонтерлер)

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоршаған және жергілікті қоғамдастықтар үшін көмек пен қолдау көзі болып табылатын волонтерлік түрі.

4. КОРПОРАТИВТІ ВОЛОНТЕРЛІК (компания қызметкерлерінің ұйымдасқан волонтерлігі)

Өз компаниясының қолдауымен түрлі әлеуметтік бағдарламаларға ұйым қызметкерлерінің ерікті қатысуы.

5. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛІК (шетел азаматтары)

Шетел азаматтарының елдің волонтерлік қозғалысына қатысуы.

6. КҮМІС ВОЛОНТЕРЛІК (зейнет жасындағы волонтерлер)

«Күміс» волонтердің жас шамасы 55 жастан жоғары.

7. ОРТА САНАТТАҒЫ ВОЛОНТЕРЛЕР

Аталған санаттардың ешқайсысына кірмей қалған барлық волонтерлер

ВОЛОНТЕРЛІКТІ ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ:

1. АВТОВОЛОНТЕРЛІК

Автокөлікпен өтеусіз қызмет көрсетуге байланысты волонтерлік қызмет.

2. ОНЛАЙН ВОЛОНТЕРЛІК

Интернет, ТВ, телефон және басқа да коммуникация құралдарын пайдаланып, халықпен тікелей байланыссыз онлайн іске асырылатын волонтерлік қызмет.

3. ОФЛАЙН ВОЛОНТЕРЛІК

Адамдар арасындағы тікелей байланыста жүзеге асырылатын классикалық волонтерлік қызмет.



2

ФРОНТ-ОФИСТЕР ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

АЙМАҚТЫҚ ФРОНТ-ОФИСТЕРДІҢ ЕКІ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ БАР:

1. Волонтерлік ұйымдардың қызметіне жәрдемдесу, оларға көмектесіп, қолдау көрсету.

2. Мемлекетке өз өңіріндегі волонтерлік қозғалысының ерекшеліктерін, проблемалары мен қажеттіліктерін түсінуге көмектесу.

«ВОЛОНТЕРЛІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖӘРДЕМДЕСУ, ОЛАРҒА КӨМЕКТЕСІП, ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ» НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Осы мақсатты іске асыру үшін бірінші кезекте өз өңірінің волонтерлік қозғалысы өкілдерімен байланыс орнатып, оларды қолдау қажет. АФО өңірлік волонтерлік ұйымдармен және бастамашыл топтармен тікелей таныс болуы және оларға өз қызметі туралы, оларға қолдау көрсету мүмкіндіктері мен көмекке әзір екендіктерін хабарлауы тиіс.

Өңірлік волонтерлік ұйымдардың жиналған сұраныстары мен өтініштерін негізге ала отырып, АФО мүмкіндігінше қажетті көмек көрсетеді.



Сізге ұйымның шынымен де волонтерлік ұйым болып табылатынын тексеру керек болса, сіз төмендегідей жасай аласыз:

- Ұйымның Qazvolunteer.kz платформасында ID коды бойынша тіркелуін тексеру.
- Өткен волонтерлік тәжірибе туралы есептерді сұратып, аталмыш жоба бойынша бенефициарлармен байланысу арқылы осы деректерді тексеру.
- Серіктес ұйымдардан, бенефициарлардан ұсыныс хат сұрату.
- ҰВЖ-нің (Ұлттық волонтерлік желі) серіктес ұйымдарынан ұсыныс хат сұрату.
- Іс-шараға, акцияға қатысу немесе волонтерлік қызметті тұрақты жүзеге асыратын орынға бару.

АФО ВОЛОНТЕРЛІК ҰЙЫМДАРҒА ҚАНДАЙ КӨМЕК ТҮРЛЕРІН КӨРСЕТЕ АЛАДЫ?

1. ӘКІМШІЛІК КӨМЕК

- Волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтардың тиісті мемлекеттік органдармен қажетті өзара іс-қимылын жолға қою (мысалы, волонтерлік ұйым тиісті органдардан акция өткізуге рұқсат алуды немесе басқа рұқсат беру құжатын қажет еткен жағдайда).
- Мүмкіндігінше және қажет болған жағдайда уақытша орын мен жабдықпен қамтамасыз ету.
- Волонтерлік қозғалыс мүшелеріне: волонтерлік ҰЕҰ және бастамашыл топтардың қызметкерлері, волонтерлер көшбасшылары үшін оқыту тренингтерін, семинарлар мен әлеуетті арттыру курстарын өткізу.

2. КОНСУЛЬТАТИВТІ КӨМЕК

- Волонтерлік ұйымдарды тіркеу бойынша кеңес беру және қолдау.
- Гранттық өтінімдер мен есептік құжаттарды әзірлеу және дайындау бойынша кеңес беру және көмек көрсету.

3. АҚПАРАТТЫҚ КӨМЕК

- Волонтерлік қозғалыс өкілдерін волонтерлікті қолдау гранттары мен бағдарламалары туралы хабардар ету.
- Волонтерлік қозғалыс өкілдерін өңірдегі басқа волонтерлік ұйымдардың қызметі және олардың бір-бірімен ынтымақтастық мүмкіндіктері туралы хабардар ету.
- Өз өңірінің волонтерлік қызметін БАҚ және әлеуметтік желілерде жариялау.
- Өңірдің волонтерлік қызметін жариялауға БАҚ қызығушылығын артыру.

«МЕМЛЕКЕТКЕ ӨЗ ӨҢІРІНДЕГІ ВОЛОНТЕРЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН, ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ТҮСІНУГЕ КӨМЕКТЕСУ» ДЕГЕН НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Аймақтық фронт-офистің міндеті – өз аймағындағы волонтерліктің нақты көрінісін, оның ерекше белгілері мен сипаттамаларын жинау, мемлекетке волонтерлердің немесе волонтерліктің бағыттарының санын көбейтудің орнына, өз аймағындағы волонтерлік қозғалысының ерекшеліктерін, проблемалары мен қажеттіліктерін түсінуге көмектесу. **Бағытталатын мәліметтер саны бойынша бағаланбайды және сандық көрсеткіштерді арттыруды талап етпейді!**

АФО-да белгіленген формалар мен кестелерге сәйкес міндетті тұрақты есептілік бар, алайда неғұрлым тиімдірек жұмыс істеу үшін есеп беру формасымен шектелмеген жөн. Әрдайым байланыста болу және өңірдің волонтерлік қозғалысының проблемалары мен қажеттіліктері туралы, аймақтық фронт-офистің проблемалары мен қажеттіліктері туралы, сондай-ақ, өңірде волонтерлікті дамытудың өзге де тетіктері мен нюанстары туралы республикалық фронт-офисті хабардар ету маңызды.

ВОЛОНТЕРЛІК ТУРАЛЫ ҚОСЫМША АҚПАРАТТЫ ҚОСА БЕРІЛГЕН ҚҰЖАТТАРДАН ТАБА АЛАСЫЗ.

1. Өңірдегі (облыс орталығы да, барлық аудандар да) волонтерлік ұйымдармен және бастамашыл топтармен жолға қойылған байланыстар. Фронт-офис осы ұйымдардың қызметі туралы хабардар болуы, сондай-ақ, оларға өзінің міндеттері мен өкілеттіктері туралы ақпаратты жан-жақты жеткізуі тиіс.
2. Фронт-офистің өз аймағындағы волонтерлік қозғалысының қажеттіліктерін нақты түсінуі. Мысалы, бір жерде волонтерлік қозғалыстың дамуына жергілікті атқарушы органдармен қарым-қатынастың бұзылуы кедергі келтіреді, волонтерлік ҰЕҰ әлеуметтік жобаларды жүргізуде жеткілікті білімі жоқ, бастамашыл топтарға жиналыстар өткізуге орын жетіспейді немесе өңір халқы волонтерлік қозғалысқа сақтықпен қарайды және т.б.
3. Фронт-офис волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтардың өзара іс-қимылына арналған алаң ретінде жұмыс істейді. Волонтерлік компонентті дамытуға жан-жақты көмек көрсетеді. Мемлекетпен, демеушілермен диалог құруға көмектесіп, волонтерлік алаңдармен қамтасыз ету арқылы волонтерлік қозғалысты қолдау.
4. Өз өңірінде волонтерлікті дамыту ерекшелігі мәселелері бойынша республикалық фронт-офиспен тұрақты кері байланысты қолдау.



